

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы N 3-III шешімі

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексінің 17, 69-баптарына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және "Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 27 қаңтардағы №02-7/49 қатынас хаты негізінде ауыл әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. "Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылдық округі, Сүттіқұдық елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (электр желісі) жобасы бойынша жер учаскелерін елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылды елді мекендердің) жері, меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, Сүттіқұдық ауылдық округі, Сүттіқұдық ауылында орналасқан 18 көшеге жалпы көлемі-8,1452 гектар жер учаскесіне 2028 жылдың 26 қаңтарына дейін (бес) жыл мерзімге қауымдастық сервитут белгіленсін.

2. "Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылдық округі, Сүттіқұдық елді мекенінде тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (электр желісі) жобасы бойынша жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын және операция аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді қалпына келтіруді жүргізісін.

3. "Жаңақорған ауданының жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы шешімнен туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сүттіқұдық ауылдық округі әкімі*

*М. Абдуллаев*

Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің

"30" қаңтар 2023 жылғы

№ 3-III шешіміне қосымша

**Сүттіқұдық ауылдық округі бойынша тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (электр желісі) жүргізілетін көшелер тізімі**

р/с	Көшелер атауы	Ұзындығы	Көлемі
1	Д. Конаев	1371 м	0,5484
2	М. Жандарбеков	938 м	0,3752
3	Қ. Аманжолов	1439 м	0,5756
4	Б. Аралбаев	760 м	0,3040
5	Ы. Алтынсарин	1484 м	0,5936
6	А. Иманов	1459 м	0,5836
7	Ш. Ысқақұлы	707 м	0,2828
8	А. Құнанбаев	921 м	0,3684
9	Т. Исламов	893 м	0,3572
10	А. Молдағұлова	1235 м	0,4940
11	Ш. Торғаев	661 м	0,2644
12	Ш. Торғаев -2	933 м	0,3732
13	О. Танатаров	2188 м	0,8752
14	М. Маметова	330 м	0,1320
15	С. Қожанов	761 м	0,3044
16	М. Макатаев	1417 м	0,5668
17	С. Сапарбеков	1051 м	0,4204
18	А. Бектібаев	1815 м	0,7260

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК